



"Арқалық қаласының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі" ММ
Әдістеме-библиография бөлімі



2026 жылғы айтулы тұлғалар,
атаулы күндер күнтізбесі



*«Арқалық қаласындағы
орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

2026 жылғы айтулы тұлғалар, атаулы күндер күнтізбесі

Арқалық қаласы 2025 жыл

ӘОЖ 038

КБЖ 92

К 17

Құраст.: С. М. Көшкінбай

Шығ. жауапты: Л. Б. Исабекова

Ред.: Д. Е. Құсайын

2026 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі [Мәтін] / Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ, Әдістеме-библиография бөлімі ; құраст.: С. М. Көшкінбай; шығ. жауапты. Д. Е. Құсайын. – Арқалық, 2026. – 92 б.

Күнтізбеде жалпы халықтық маңызы бар оқиғалар мен өлкеміздің тарихындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі айтулы оқиғалар мен атаулы күндері, 2026 жылы мерейтойы аталып өтілетін атақты тұлғалар туралы ақпараттар берілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

УДК 038

ББК 92

**© Авторлық құқықты қорғау белгісі
(құрастырушының, автордың немесе
мекеменің аты-жөні)**

ISBN 9965-32-862-5

© С. М. Көшкінбай

Құрастырушыдан

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға 2026 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымын ұсынып отыр. Әдебиеттерді насихаттауда және еліміздегі көрнекті оқиғаларды хабарлауда бұл көрсеткіштің алатын орны ерекше.

Күнтізбенің негізгі мақсаты – өлкеміздің өткені мен бүгіні, тағылымды танымал тұлғалары мен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, экономикасы туралы кітапханадағы бар мағлұматтарды оқырмандарға жеткізу, насихаттау, әңгімелеу.

Күнтізбеде жалпы халықтық маңызы бар оқиғалар мен өлкеміздің тарихындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі айтулы оқиғалар мен атаулы күндері алынған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Бұл атаулы күндер тізбесі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп тізіледі және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз атаулы күндері» хронологиялық тәртіппен бөлініп берілген. «Туған күні мен айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған.

Күнтізбеде атаулы күндер «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес ереже бойынша алынды.

Күнтізбе кітапханашылар мен мәдени қызметкерлерге, мұғалімдерге, студенттерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және өлкеміз туралы ақпарат алғысы келетін барша оқырмандарға арналған.

**Арқалық қаласы және аймағы бойынша
2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер**

ҚАҢТАР

- 12** – мемлекет және қоғам қайраткері **Қосабаев Жақан**, туғанына 85 жыл (1941–2007).
- 15** – Облыстық «Торғай таңы», «Тургайская новость» газеттері, жарық көргеніне 55 жыл (1971).
- 26** – балуан, спорт шебері **Кеңтонов Мұрат**, туғанына 55 жас (1971).
- 27** – Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, құрылғанына 55 жыл (1971).
- 29** – инженер-механик, шаруашылық және қоғам қайраткері **Жанділдин Құрманғазы Шоқпытұлы**, туғанына 65 жас (1961).
«Айкап» журналының бірінші номерінің шыққанына 115 жыл (1911).

АҚПАН

- 7** – Арқалық радиосының алғаш эфирге шыққанына 55 жыл (1971).
- 10** – мемлекет және қоғам қайраткері, тарих. ғыл. канд. проф. ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Баймағамбетова Багила Бірмағамбетқызы**, туғанына 75 жас (1951).
- 17** – дәрігер, денсаулық сақтау қызметінің үздігі, ҰОС-ның ардагері **Нұрғазин Мырзекен Нұрғазыұлы**, туғанына 105 жыл (1921–2007).
- 22** – ұстаз, ақын **Оташев Сейтқали**, туғанына 75 жас (1951).
- 25** – дәрігер, Қазақстанның еңбек сіңірген фармацевті **Сыздықова Зұлқия**, туғанына 90 жас (1936).
- 30** – машинист **Демченко М.П.**, алғашқы кен қабатын аршығанына 65 жыл (1961-1997).

НАУРЫЗ

- 1** – ақын, журналист, аудармашы, драматург, Қазақстан мәдениет қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Тұрғынбеков Серік Сәрсенұлы**, туғанына 80 жас (1946).
- 10** – қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат, экономика ғылымдарының докторы, профессор **Асанбаев Ерік Мағзұмұлы**, туғанына 90 жыл (1936–2004).
- 20** – ҚазКСР еңбек сіңірген кітапханашысы, тарихшы-ғалым **Дәулетова Нәзира Қожахметқызы**, туғанына 100 жыл (1926–1999).

СӘУІР

- 1** – журналист, ақын, аудармашы **Әбілтаев Әбжан Ғаббасұлы**, туғанына 75 жас (1951).
- 6** – балуан, спорт шебері **Құлтаев Қабимолда Қайырбайұлы**, туғанына 80 жас (1946).

- 13 – ұстаз, ҚазКСР білім беру ісінің үздігі **Елкеев Ғабдыжауыт**, туғанына 95 жыл (1931–1996).
28 – ақын, ҰОС қатысушы **Молдашев Байдақ**, туғанына 100 жыл (1926–1994)

МАМЫР

- 1– Жангелдин ауданына қарасты Сарысу ауылының тумасы, Қазақ КСР-інің халық ағарту ісінің үздігі, КСРО халық ағарту ісінің үздігі, мұғалім **Оташев Сабыржан**, туғанына 100 жыл (1926–1980).
8 – құрылысшы, Қазақстан құрылыс ісінің үздік қызметкері **Жұмағалиев Сапарғали**, туғанына 80 жыл (1946–1995).
17– **Торғай боксит кен басқармасы**, құрылғанына 70 жыл (1956).
21 – ғалым-ұстаз, химия ғылымдарының докторы, академик **Ермағанбетов Мүбәрак Ермағанбетұлы**, туғанына 75 жас (1951).

МАУСЫМ

- 3 – Облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайында **Жәнібеков Өзбекәлінің**, мүсіні қойылғанына 25 жыл (2001)
6 – ақын, аудармашы **Мырзабеков Кеңшілік**, туғанына 80 жыл (1946–1989).
13 – әнші, сазгер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Сәуекенов Бақытжан Дәуренұлы**, туғанына 75 жас (1951).
17 – ақын, жазушы, драматург, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі **Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы**, туғанына 75 жас (1951).
19 – Облыстық «Торғай әуендері» фестивалінің, өткізілгеніне 55 жыл (1971).
21 – Облыстық мәдениет қызметкерлерінің 1-ші съезі, болғанына 55 жыл (1971).
27 - **Торғай театры жасөспірімдер театры** болып қайта құрылғанына 25 жыл (2001).

ШІЛДЕ

- 3 – Арқалық жұмысшы поселкасы құрылғанына 75 жыл (1951).
12 – ақын, агроном, меценат **Төлегенұлы Ерболат**, туғанына 80 жыл (1946–2012).
26 – ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы **Сарыбаев Абай**, туғанына 65 жас (1961).
29 – **Қостанай облысының құрылғанына** 90 жыл (1936).

ТАМЫЗ

- 5 – сазгер, өнерпаз **Елтебаев Төкен**, туғанына 90 жыл (1936–1985).
5 – инженер-құрылысшы, архитектор, меценат **Ысқақов Сапар** туғанына 85 жас (1941).
8 – Мәдениет қайраткері, ҚР кітапхана ісінің үздігі, Кітапхана ісінің ардагері **Қазина Гүлжамерия Галиасқарқызы**, туғанына 70 жас (1956).
14 – ұстаз, үздік өнертанушы, қолөнер шебері, Арқалық қаласының құрметті азаматы **Байділдин Шөптібай**, туғанына 80 жас (1946).
22 – жазушы–журналист, Ұлы Отан Соғысының қатысушысы, 1916 жылғы

- Торғай көтерілісінің сардары Амангелді Имановтың үлкен баласы **Амангелдиев Рамазан Амангелдіұлы**, туғанына 115 жыл (1911–1941).
- 20 – ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі **Кенжебеков Бимағанбет**, туғанына 85 жыл (1941–2022).
- 20 – мемлекет қайраткері, этнограф **Жәнібеков Өзбекәлі**, туғанына 95 жыл (1931–1998).

ҚЫРКҮЙЕК

- 5 – журналист, тарих ғылымының докторы, профессор **Әбішев Ғазиз**, туғанына 110 жыл (1916–1982).
- 7 – **Торғай совхоз-техникумы**, құрылғанына 55 жыл (1971).
- 8 – жазушы-сықақшы, журналист Қазақстан Журналистер, Жазушылар одағының мүшесі **Ахметчин Ғұмар Ғарифоллаұлы**, туғанына 85 жас (1941).
- 10 – Амангелді ауданына қарасты Амантоғай ауылының тумасы термеші, әртіс, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, **Сейдахметов Айтмұханбет** туғанына 75 жас (1951).
- 15 – журналист, ақын **Шопанов Тұрғынбек Жетпісбайұлы**, туғанына 95 жыл (1931–2015).

ҚАЗАН

- 7 – ақын, журналист **Мырқалиұлы Сағындық**, туғанына 90 жыл (1936–1999).
- 15 – ақын, аудармашы **Мұхамбеджанов Шәміл**, туғанына 95 жыл (1931–1980).
- 15 – күйші, композитор, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Мұздаханов Айтбай**, туғанына 85 жас (1941).
- 20 – ағартушы, ұстаз, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері **Алтынсарин Ыбырай**, туғанына 185 жыл (1841–1889).
- 25 – Арқалық қаласының құрылғанына 70 жыл (1956).
- 31 – мүсінші-суретші **Ұзақұлы Әбілбек**, туғанына 90 жыл (1936–2016).

ҚАРАША

- 8 – ғалым, математик, техника ғылымдарының докторы **Айсағалиев Серікбай Әбдіғалиұлы**, туғанына 85 жас (1941).
- 14 – журналист, жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі **Айымбет Мәди Айтбенбетұлы**, туғанына 80 жас (1946).
- 15 – ақын, Қазақстанның халық жазушысы **Хәкімжанова Мәриям**, туғанына 120 жыл (1906–1995).
- 16 – тарих ғыл. докт., ҚР ҒА акад., проф., ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері **Қозыбаев Манаш** туғанына 95 жыл (1931–2002).
- 17 – ұстаз, ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі **Нұғыманов Құсайын**, туғанына 105 жыл (1921–2000).
- 19 – журналист, жазушы, Қазақстанның құрметті журналисі **Шайман Серік, Әбішұлы** туғанына 80 жас (1946).

ЖЕЛТОҚСАН

- 1 – ұстаз, Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі, күйші **Әбішев Қайырғали**, туғанына 75 жас (1951).
- 3 – ұшқыш-ғарышкер **Віктор Васильевич Горбатко** алғашқы «Арқалық қаласының Құрметті азаматы», атанғанына 55 жыл (1971–2017).
- 7 – заңгер, қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі **Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы**, туғанына 155 жыл (1871–1927).
- 10 – химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Бірімжанов Батырбек Ахметұлы**, туғанына 115 жыл (1911–1985).
- 28 – ғалым-агроном, қоғам қайраткері **Мұхитбеков Амангелді Нұрхамитұлы**, туғанына 80 жыл (1946–2009).
- 29 – журналист-жазушы, аудармашы, ғалым-энциклопедияшы, КСРО Баспасөзінің үздігі **Рсаев Таңатқан Барақұлы**, туғанына 90 жас (1936).

Айы мен күні белгісіз 2026 жылы аталып өтілетін күндері:

(жеке тұлғалар мен оқиғалар үлкеннен кішіге берілген)

- қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің белсенді қатысушысы, Шақшақ Жәнібек тарханның туған інісі **Көшқарұлы Тұрлығұл** туғанына 335 жыл (1691–1750).
- батыр, би, шешен, XVIII ғасырда белгілі рубасы. Шақшақұлы Жәнібекпен бірге жоңғарларға қарсы қол бастаған **Мерген би (Теңізбай) Бабасұлы**, туғанына 335 жыл (1691–1754).
- батыр, балуан, Жангелдин ауданына қарасты Алдияр ауылының тумасы **Барақ Жанұзақұлы** туғанына 330 жыл (1696, кей деректерде 1722 – белгісіз).
- батыр, жоңғар басқыншыларына қарсы күрестің жетекшісі **Мергенұлы Баймырза**, туғанына 285 жыл (1741–1829).
- ағартушы, дін қайраткері, имам, Торғай уезінің Қайдауыл болысы, Шомақ қарасу тумасы **Сатыбалды ишан Ғабдуллаұлы** туғанына 200 жыл (1826–1898).
- ақын, композитор **Басықараұлы Қанания**, туғанына 185 жыл (1841).
- ақын-жырау **Жолдыбайұлы Күдері**, туғанына 165 жыл (1861–1931).
- батыр **Кейкі (Нұрмағамбет) Көкенбайұлының**, туғанына 155 жыл (1871–1922).
- халық ақыны **Нұртазаұлы Әбіқай**, туғанына 155 жыл (1871–белгісіз).
- суырыпсалма ақын **Қазұлы Қашқымбай**, туғанына 140 жыл (1886–1973).
- Социалистік Еңбек Ері, «Шиелі» колхозының жылқышысы, Торғай ауданының тумасы **Нұрғожин Мұқыш** туғанына 140 жыл (1886–1965).
- молда, өңірдің танымал діни қайраткері, Торғай уезінің тумасы **Оспанов Алмұхаммед** туғанына 140 жыл (1886–1966).
- Социалистік Еңбек Ері, табыншы, Амангелді ауданының тумасы **Томашин**

Мұхамедия туғанына 140 жыл (1886 – белгісіз).

- жылқышы, Социалистік Еңбек Ері **Кірмандәев Фатхолла**, туғанына 135 жыл (1891–1965).
- қоғам қайраткері, ұстаз **Мейірманов Нұрғали**, туғанына 135 жыл (1891–1937).
- Батпаққара көтерілісінің батыры **Бекжанов Абайділдә**, туғанына 125 жыл (1901–1931).
- ақын, домбырашы **Әбіқайұлы Қараман**, туғанына 110 жыл (1916–1941).
- заңгер, ҰОС қатысушы **Мәженов Қапсұлтан**, туғанына 110 жыл (1916–1968).
- **Ұлт-азаттық көтерілісі** басталғанына 110 жыл (1916).
- ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері **Шағырбаев Әбдібек**, туғанына 115 жыл (1911–1979).
- ғалым, ұстаз **Бірмағамбетов Әлім**, туғанына 95 жыл (1931-белгісіз).
- физика-математика ғыл. канд, ақын, сазгер **Қайырбеков Төлеухан**, туғанына 90 жыл (1936-белгісіз).
- **Батпаққара ауданының Амангелді ауданы** болып аталғанына 90 жыл (1936).
- **Торғай боксит кен басқармасы** ашылғанына 65 жыл (1961).
- **Арқалық ауданы** құрылғанына 65 жыл (1961).
- **Оңтүстік электр желісі** құрылғанына 55 жыл (1971).
- **Арқалық медицина колледжі** құрылғанына 55 жыл (1971).

27 қаңтар



Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы құрылғанына 55 жыл (1971)

Кітапхана тарихы Торғай облысы Арқалық қаласының тарихымен тығыз байланысты. Арқалық қаласының іргетасы ресми түрде 1956 жылы мамыр айында қаланды. Бұрын ешқандай ел болмаған жапан далада қала салынуына осы өлкеде қазынаның мол қорының көзі ашылуы себеп болды. Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Жоғары Кеңес Президиумының жарлығына сәйкес 1970 жылғы 23 қарашада орталығы Арқалық қаласы болып Торғай облысы құрылды. Осыған орай Қазақ КСР-нің Министрлер кеңесінің 1970 жылғы 30 желтоқсан күнгі қаулысымен Торғай облыстық мәдениет басқармасында Торғай облыстық және облыстық балалар кітапханасының құрылуына рұқсат берілді.

1971 жылы 27 қаңтар күні облыстық кітапхана ашылды. Облыстық кітапхана Маясова көшесіндегі 29 үйдегі 2-бөлмелі пәтерде орналасты. Бастапқы кезде облыстық кітапхана алғашқы 2-ші жылында кітапхана оқырмандарға қызмет көрсеткен жоқ, кітапхана қоры жинақталды,

каталогтар мен картотекалар құрылды, бастапқы кездегі жұмыстар атқарылды. Ең бастапқы кітап қорын Ақмола облыстық кітапханадан түскен 3,5 мың кітаптар құрады.

1971 жылғы облыстық кітапхана құрылымы:

- директор
- ғылыми-әдістемелік бөлім
- әдебиетті толықтыру бөлімі
- анықтама-библиографиялық бөлім
- абонемент

Облыстық аудандық және ауылдық кітапханаларға әдістемелік көмек көрсету жұмысы атқарыла бастады. 1973 жылдың басында кітап қоры 17313 дана болып есептелінді. 1973 жылы 1 қарашадан бастап кітапханадағы абонемент бөлімі оқырмандарға қызмет көрсете бастап, жыл аяғында 400 оқырман берді.

Кітапхананың алғашқы директоры – Ленинградтағы мәдениет институтының түлегі Александра Ивановна Шишкалова болды.

1972 жылдан Ирина Генриховна Анохина директор болды. 1974 жылдан 1991 жылдар аралығында кітапхананы Зинаида Иннокентьевна Мурзина басқарды.

Облыстық кітапханамен қатар, 1971 жылы 28 қаңтар күні облыстық балалар кітапханасы ашылды. Облыстық балалар кітапханасы балалар және жасөспірімдерге қызмет көрсететін мәдени-ағартушы, ақпараттық тәрбие беруші мекеме болды. Кітапхананың алғашқы директоры Н.Д. Стовбун болды. Бұл кітапхана Ленин (қазіргі Абай) даңғылындағы 78-ші үйдің 1-кабатында орналасты.

Торғай облыстық балалар кітапханасының құрылымы:

- директор
- кітапті өңдеу және толықтыру, каталогтар жүргізу, әдебиеттерді сақтау бөлімі
- мектепке дейінгі және мектептің төменгі сыныптарындағы (1-4) балдырғандарға қызмет көрсету бөлімі
- 5-9сынып оқушыларына және балалар оқуының жетекшілеріне қызмет көрсету бөлімі
- ғылыми-әдістемелік бөлім
- материалды-техникалық қамсыздандыру қызметі
- Арқалық қаласы тез қарқынмен дамып, өсіп келе жатты. 1975 жылы облыстық кітапханасында оқу залы жұмыс жасай бастады. Қаланың, кітапхананың жағдайы жақсара бастады. 1976 жылы кітапханаға октябрьдің 60-жылдығы (қазіргі Ш.Жәнібек) көшесіндегі 77-үйдің 1-кабатынан кітапханаға қосымша 326 шаршы метр бөлінді.

Қала көркейіп, тұрғындары көбейе бастады. Сондықтан, Торғай облыстық халық депутаттар Кеңесінің №19/448 шешіміне сәйкес 1979 жылғы 19 қазан күні Торғай облыстық жасөспірімдер кітапханасы ашылды. Жасөспірімдер кітапханасы негізінен 14-21 жас аралығындағы жасөспірімдерге қызмет көрсетті. Кітапхана құрылғаннан бастап таралғанына дейін Ирма Ивановна Шпехт басқарды.

1997 жылғы облыстық жасөспірімдер кітапханасының штат кестесі:

- директор
- кітапты өңдеу және толықтыру бөлімі
- қызмет көрсету бөлімі
- әдістемелік – библиографиялық бөлім
- материалды – техникалық қамсыздандыру қызметі

Кітапханалар біріктірілсе де, олардың мекен жайы орындарында қала берді. Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі 77-ші үйдің 1-ші қабатында, №2 ОӘФК-ң жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімі болып құрылған облыстық жасөспірімдер кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі 107 үйдің 1-ші қабатында, балалар әдебиеті бөлімі болып құрылған облыстық балалар кітапханасы Абай даңғылындағы 78 үйдің 1-ші қабатында қала берді.

2001 жылы кітапханаға Абай даңғылындағы 62 үйде орналасқан ғимараттан жаңа мекенжай берілді. Осы жылдың мамыр, маусым айларында жоғарыдағы 2-ші қабатқа облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы және жасөспірімдер бөлімі көшірілді.

2003 жылдың басында осы ғимараттың 1-ші қабаты берілді, оған балалар бөлімі көшіп келді.

Бүгінгі күнгі кітапхана құрылымы:

- балалар әдебиеті бөлімі
- абонемент
- оқу залы
- өнер туралы әдебиеттер секторы
- кітапты өңдеу және толықтыру секторы
- негізгі кітап сақтау бөлімі
- әдістемелік – библиографиялық бөлім
- ақпараттық – сервистік қызмет көрсету секторы
- оқырмандарды тіркеу және есепке алу секторы

2011 жылдың 1 тамызынан бастап Нұрманова Алма Жақсылыққызы кітапхана директоры қызметін атқарып келсе, ал 2016 жылдың 6 желтоқсанынан бастап осы уақытқа дейін Борибаева Қазына Байсабековна басшылық қызметін атқаруда. Кітапхана өз дәстүрлерін сақтай келе «уақытпен оза келетін» даму сатысында өмір сүруде.

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы 282 мыңнан астам данадан жинақталған бай кітап қорымен, 16 мыңнан астам оқырман санымен, 510 мыңнан астам кітап берілім көлемімен 2016 жылға аяқ басты. Жыл сайын кітап қоры 5-6 мың данадан астам жаңа әдебиеттермен, 180-нен астам атаулы мерзімді басылымдармен толықтырылып отырады.

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы туралы әдебиеттер:

1. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] // Тарих беттерін парактай отырып... : анықтамалық құрал / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст. К. Б. Борибаева ; ред. А. Ж. Нұрманова]. – Арқалық, 2016, – Б. 4–9
2. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] // 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиографиялық бөлімі ; [құраст. : А. К. Ахметжанова, Г. К. Сейтқожина ; ред. А. К. Ахметжанова]. – Арқалық, 2015, – Б. 6–8.
3. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] // Тарих беттерін парактай отырып... : библиогр. құрал / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст. : К. Б. Борибаева, Ә. Қ. Ахметжанова ; ред. А. Ж. Нұрманова]. – Арқалық, 2015, – Б. 4–9.
4. Торғай облысының кітапханалары [Мәтін] // Дәулетова, Н. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы / Н. Дәулетова, К. Нурахметова. – Алматы, 1994. – Б.17–18.
5. Областная универсальная научная библиотека № 2 [Текст] // Это нашей истории строки : справ. пособие / Областная универсальная научная библиотека № 2, Методико-библиографический отдел ; [сост. К. Б. Борибаева ; ред. И. И. Шпехт]. – Арқалық, 2011. – С. 3–10.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:




1. Байділдин, Шөптібай. Мұражай – ұлт байлығы, кітап – білім бұлағы [Мәтін] : Сол байлықты жоғалтып, білім бұлағын суалтып алмайық / Шөптібай Байділдин // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 11.
2. Быть в первой двадцатке – престижно! [Текст]: [нагрудным знаком Нац. библиотеки РК удостоились трое сотрудников ОУНБ № 2] // Арқалық хабары. – 2015. – 9 января. – С. 5.
3. Уткельбаева, С. Преданность избранному делу [Текст]: [о библиотекаре ОУНБ № 2 Ермаганбетовой А. М.] / С. Уткельбаева // Торғай. – 2015. – 13 февраля. – С. 5.
4. Ауелов, А. Из храма мудрых мыслей [Текст]: [о фонде областной универсальной научной библиотеки] / А. Ауелов // Торғай. – 2002. – 28 июня. – Б. 4.
5. Шпехт, И. Рухани нәр береміз [Мәтін]: [облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы туралы] / И. Шпехт // Қостанай таңы. – 2000. – 20 маусым. – Б. 3.
6. Фоменко, Любовь. Символ духовной незыблемости [Текст]: [областная универсальная научная библиотека отмечает свое тридцатилетие] / Любовь Фоменко // Торғай. – 2000. – 15 декабря. – С. 4.

**2020 жылы мерзімді басылымдарда жарияланған
кітапханалық іс-шаралар:**

1. Қасымбекқызы, Жұлдыз. Алғашқы оқырманымыз – Нұрислам [Мәтін] : [оқушы Нұрислам Ардақұлы] / Жұлдыз Қасымбекқызы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 31 қаңтар. – Б. 3.
2. Жүнісұлы, Мұрат. «Даңқың дәуірлей берсін, Абай дана!» [Мәтін] : [өнер бөлімінде өткізілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған кітап көрмесінің тұсаукесері туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 19 ақпан. – Б. 6.
3. Жақия, Гүлназ. Ұлттық руханияттың күретаыры [Мәтін] : [абонемент бөлімінде жазушы Сәбит Досановтың 80 жасқа толуына орай өткізілген әдеби кеш жайында] / Гүлназ Жақия // ARQALYQ habary. – 2020. – 21 ақпан. – Б. 7.
4. Қарсақбайқызы, Әлия. «Даңқың дәуірлей берсін, Абай дана!» [Мәтін] : [өнер бөлімінде өткізілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған кітап көрмесінің тұсаукесері] / Әлия Қарсақбайқызы // ARQALYQ habary. – 2020. – 20 наурыз. – Б. 4.
5. Ермағанбетова, Марал. Балалар әдебиетінің атасы [Мәтін] : [жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 95 жылдығына орай балалар әдебиеті бөлімінде өткізілген оқырман конференциясы туралы] / Марал Ермағанбетова // Зеленое яблоко. – 2020. – № 1. – Б. 3.
6. Жүнісұлы, Мұрат. «Мен жұқпалы аурулардан сақтана аламын!» [Мәтін] : [оқу залы бөлімі денсаулық сақтау күніне орай онлайн-кітап көрмесін ұсынды] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы . – 2020. – 7 сәуір. – Б. 3.
7. Алматова, Сәуле. Дархан халықтың дана Абайы [Мәтін] : [балалар әдебиеті бөлімінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген мәнерлеп оқу сайысы туралы] / Сәуле Алматова // ARQALYQ habary. – 2020. – 17 сәуір. – Б. 4.
8. Баяхметқызы, Ләззат. Шығыстың ғұлама ғалымы [Мәтін] : [оқу залы бөлімінде ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай өткізілген портреттік кеш жайында] / Ләззат Баяхметқызы // ARQALYQ habary. – 2020. – 10 сәуір. – Б. 3.
9. Жүнісұлы, Мұрат. «Рухани қазына» – қастерлі құндылық [Мәтін] : [«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 13 мамыр. – Б. 6–7.
10. Абаканова, Назира. Кітап – білім бұлағы [Мәтін] : [абонемент бөліміне жаңадан келіп түскен әдебиеттерге библиографиялық шолу] / Назира Абаканова // ARQALYQ habary. – 2020. – 29 мамыр. – Б. 4.
11. Исабекова, Л. Оқырманмен онлайн қауышу [Мәтін] : [оқу залында өткізілген іс-шара] / Л. Исабекова // ARQALYQ habary. – 2020. 29 мамыр. – Б. 4.
12. Жақия, Гүлназ. Онлайн режимдегі мәдени іс-шаралар [Мәтін] : [абонемент бөлімінде өткізілген іс-шаралар] / Гүлназ Жақия //


ARQALYQ habary. – 2020. – 5 маусым. – Б. 6.

13. Абаканова, Н. Культурный досуг в онлайн режиме [Текст] : [мероприятия в онлайн режиме] / Н. Абаканова // ARQALYQ habary. – 2020. – 12 июня. – С. 2.
14. Алматова, Сәуле. Дархан халықтың дана Абайы [Мәтін] : [балалар әдебиеті бөлімінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген мәнерлеп оқу сайысы туралы] / Сәуле Алматова // Қазақстан патриоты. – 2020. – № 2. – Б. 15.
15. Жүнісұлы, Мұрат. «Аталар сөзі – ақылдың көзі» [Мәтін] : [сазгер, күйші Кәки Ақанның 85 жасқа толуына орай өткізілген онлайн–сұхбат] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 24 маусым. – Б. 8.



1 наурыз

Серік Тұрғынбеков Туғанына 80 жас (1946)



Қазақтың белгілі ақыны, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Астанадағы көне мұражайдың бірі және бірегейі Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Серік Тұрғынбекұлы 1946 жылдың 1 наурызында дүниеге келген.

Ақын, журналист, аудармашы, драматург, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбеков Жангелдин ауданының осы күнгі Шақшақ Жәнібек ауылындағы Ақшығанақ орта мектебін тәмамдағаннан кейін, Торғайдағы «Жаңа өмір» газетінің редакциясына жұмысқа орналасады. Сөйтіп, ол журналистік алғашқы қадамын аудандық газеттен бастайды. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ аудандық, облыстық, тіпті сол кездегі «Тың өлкесі» газетіне дейін өлеңдері жарияланып, біршама таныла бастаған тұсы болатын.

Жас ақын-жазушылардың өлкелік слетіне келген Серікті әдебиетші-ғалым З. Қабдолов Алматыға шақырып, 1966 жылы ҚазМУ-нің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсуіне көмегін көрсеткен. Болашақ ақын келесі жылы Алматыға біржолата келіп, Қазақ радиосына қызметке орналасты. Халық шығармашылығын насихаттауға белсене араласты, ақындарды теледидар сахнасына шығарды. «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдары редакцияларында, Ғ. Мүсірепов атындағы Балалар мен жастар театрында, Қазақ КСР Баспа бөлімінде жауапты қызметтер атқарды. 1985

жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Астана қаласындағы С. Сейфуллин мұражайының директоры болып істеді.

Ақынның 1998 ж. жарық көрген «Жерорта» жыр жинағы оның шығармашылық жолының алтын арқауына айналды. «Кейкі батыр» дастаны үшін халықаралық «Алаш» сыйлығын алды. Бұдан кейін ақын қаламынан туған «Махамбет және Жәңгір хан» дастаны ЮНЕСКО көлемінде өткен қаһарман батырдың 200 жылдық мерейтойында «Махамбет» сыйлығымен дәріптелді. Ақын қазақ композиторларының халық арасына кең тараған көптеген әндерінің мәтінін жазған. С. Тұрғынбеков Халықаралық Түрік поэзиясының лауреаты болды.

Шығармалары:

1. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] / С. Тұрғынбекұлы ; алғы сөзін жазғ.: Ә. Кекілбайұлы, А. Сейдімбек. – Астана : Фолиант, 2017. – 320 б.
2. Тұрғынбекұлы, С. Халқым деп соққан жүрегі [Мәтін] : Орал Мұхамеджанов жайлы естеліктер жинағы / [құраст.: С. Тапаев, С. Тұрғынбекұлы]. – Астана : Фолиант, 2015. – 268 б.
3. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 1: Өлеңдер мен балладалар. – 384 б.
4. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 2 : Өлеңдер мен дастандар. – 408 б.
5. Тұрғынбекұлы, С. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : поэма / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 136 б.
6. Тұрғынбекұлы, С. Ақан сері – Балқадияш [Мәтін] : лирикалық поэма / С. Тұрғынбеков. – Астана, 2006. – 68 б.
7. Тұрғынбекұлы, С. Жерорта [Мәтін] : жыр кітабы / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Жазушы, 1999. – 208 б.
8. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] : тарихи дастан / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Білім, 2001. – 153 б.
9. Тұрғынбеков, С. Асан ата ізімен [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1988. – 104 б.
10. Тұрғынбеков, С. Сүйген жүрек [Мәтін] : өлеңдер мен толғаулар / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1986. – 128 б.
11. Тұрғынбеков, С. Кеш келген көктем [Мәтін] : өлеңдер мен балладалар / С.Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1985. – Б. 96.
12. Тұрғынбеков, С. Торғай толғаулары [Мәтін] : өлеңдер мен поэма / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1981. – 87 б.
13. Тұрғынбеков, С. [Мәтін] : өлеңдер / С.Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – Б. 64.
14. Тұрғынбеков, С. Көкейкесті [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – 64 б.
15. Тұрғынбеков, С. Қобыз [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1974. – Б. 71.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайға сыр [Мәтін] : (75-ке толғанда – жыр-шашу) : [ақын С. Оспановқа] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 1 сәуір. – Б. 4.
2. Тұрғынбекұлы, Серік. Аспандағы Ай жалғыз – Абай жалғыз [Мәтін] : [ақын А. Құнанбаевтың 175 жылдығына : өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 4 қыркүйек. – Б. 8.
3. Тұрғынбеков, Серік. Тектінің тұяғы [Мәтін] : [ауыл шаруашылығы қызметкері Серікбай Бірімжанұлы Тапаев] / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 6.
4. Тұрғынбеков, Серік. Қайран ағам! [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 3 қазан. – Б. 8.
5. Тұрғынбекұлы, Серік. Біз үшеу едік [Мәтін] : эссе / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 10 сәуір. – Б. 9.
6. Тұрғынбекұлы, Серік. Іні рухымен сырласу [Мәтін] : [дәрігер Амантай Мұқатовқа ; өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 17 сәуір. – Б. 4.
7. Тұрғынбекұлы, Серік. Қайран, жеңешем [Мәтін] : [әңгіме] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 15 мамыр. – Б. 8.
8. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға рухына тағзым [Мәтін] : (жыр-толғау) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 7 қаңтар. – Б. 6.
9. Тұрғынбекұлы, Серік. Заңғар [Мәтін] : Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов туралы естелік-эссе / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2014. – 14 қаңтар. – Б. 4 ; Қазақ әдебиеті. – 2004. – 27 ақпан. – Б. 11.
10. Тұрғынбекұлы, Серік. Серіні сағыну [Мәтін] : [жазушы Сәкен Жүнісов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2014. – 17 шілде. – Б. 5.
11. Тұрғынбекұлы, Серік. Алаштың арыстарын ар тұтқан [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ. – 2014. – 19 желтоқсан. – Б. 8.
12. Тұрғынбекұлы, Серік. Астана – дастан [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 4 шілде. – Б. 6–7.
13. Тұрғынбекұлы, Серік. Ахмет – Іңкар [Мәтін] : (лирикалық дастаннан үзінді) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 9 қаңтар. – Б. 9 ; Егемен Қазақстан. – 2013. – 24 сәуір. – Б. 13.
14. Тұрғынбекұлы, Серік. Бүгінгі күннің балладалары [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2013. – 21 қараша. – Б. 5.
15. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғали ақынның ғаламы [Мәтін] : [ақын Ғали Орманов] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 12 қыркүйек. – Б. 3.
16. Тұрғынбеков, Серік. Ақынжанды журналист [Мәтін] : [Жұмат Әнесұлы туралы] / Серік Тұрғынбеков // Ана тілі. – 2012. – 1 наурыз. – Б. 7.
17. Тұрғынбекұлы, Серік. Алдымнан сылаңдаса сағымды үміт [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жұлдыз. – 2012. – № 2. – Б. 148–

151.

18. Тұрғынбекұлы, Серік. Шераға [Мәтін] : [жазушы Шерхан Мұртазаға : өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 2 қазан. – Б. 9.
19. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырлы әлем [Мәтін] : [ақын Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 22 қараша. – Б. 5.
20. Тұрғынбекұлы, Серік. Кеңшіліктің кейбір кездері... [Мәтін] : [эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 15 маусым. – Б. 4–5.
21. Тұрғынбекұлы, Серік. Қасымды қастерлеу [Мәтін] : [ақын Қасым Аманжолов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 4.
22. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайдың сегіз қыры [Мәтін] : [ақын Серікбай Оспанұлының ақындығы, әншілігі, ерлігі, ұстаздығы, ғалымдығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 2 сәуір. – Б. 7.
23. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңестер Одағының Батыры, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров туралы жыр-дастан / Серік Тұрғынбекұлы // Жалын. – 2010. – № 5 – Б. 11–23.
24. Тұрғынбекұлы, Серік. Ақынның нақышты жырлары [Мәтін] : [Н. Мұқатов өлеңдері] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 13 наурыз. – Б. 4.
25. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға жайлы жыр [Мәтін] : [өлең] : Жолбарыс қажы Баязидтің мерейтойына / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 5 мамыр. – Б. 5.
26. Тұрғынбекұлы, Серік. Бурабайда кім атты екен бұғыны?! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 қазан. – Б. 8.
27. Тұрғынбекұлы, Серік. Жасын жырдың жарқылы [Мәтін] : [ақын Жарасқан Әбдіраш туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 26 наурыз. – Б. 5.
28. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырағаң сыйлаған сырлы сәттер [Мәтін] : [Сырбай Мәуленов] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 қыркүйек. – Б. 5.
29. Жақан Қосабаев қазасына [Мәтін] / Серік Тұрғынбекұлы // Біздің Торғай. – 2007. – 14 желтоқсан. – Б. 6.
30. Тұрғынбекұлы, Серік. Абайлап қара, қазаққа! [Мәтін] : өлең / С. Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2006. – 20 шілде. – Б. 5.
31. Тұрғынбекұлы, Серік. Армысың, асыл Астана! ; Салынып жатыр Астана ; Қала қандай! [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Астана. – 2006. – № 3. – Б. 32.
32. Тұрғынбекұлы, Серік. Қара жердің сықырлайды сүйегі [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 7.
33. Тұрғынбекұлы, Серік. Бірігейік бауырлар! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан – 2005. – 1 желтоқсан. – Б. 1.

34. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғалымжанға хат [Мәтін] : [қоғам қайраткері Ғалымжан Жақияновқа : арнау өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Азат. – 2004. – 3 наурыз – Б. 1.
35. Тұрғынбекұлы, С. Бәрібір сен тұрасың ең басында [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 желтоқсан. – Б. 1.
36. Тұрғынбекұлы, Серік. Топжарғанның тойын өткізді Торғайдың халқы жиылып [Мәтін] : [ақын Н. Ахметбековтың туғанына 100 жыл толуына орай] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 19 желтоқсан. – Б. 10.
37. Тұрғынбеков, Серік. Өмірбек Жұмағали 60 жаста [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 1 ақпан. – Б. 4.
38. Тұрғынбекұлы, Серік. Сөзім менің [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 25 маусым. – Б. 15.
39. Тұрғынбеков, Серік. Жұмағали туралы жыр [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1993. – 28 қаңтар. – Б. 4.
40. Тұрғынбеков, Серік. Қалибекке [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1992. – 13 мамыр. – Б. 4.
41. Тұрғынбеков, Серік. Әліби [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1974. – 1 шілде. – Б. 4.

Аудармалары:

1. Твардовский А. Т. Перзент сыры [Мәтін] : лирикалық өлеңдер / А.Т. Твардовский .; орыс тіл. ауд.: С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1984. – 64 б.

Басқа авторлармен бірігіп жазған шығармалары:

1. Құлыяс, Т. Жыланның тілі [Мәтін] : роман және әңгімелер / Т. Құлыяс .; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 544 б.
2. Бектемісұлы, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] / Н. Бектемісұлы ; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Елорда, 2001. – 128 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Серік Тұрғынбекұлы [Мәтін] // Жыр маржаны : он томдық : қазақ поэзиясының антологиясы / құраст. М. Құлкенов, Г. Мұқышева. – Алматы : Мереке, 2014. – Т. 5. – Б. 291–299.
2. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 413–414.
3. Тұла бойы тұнған талант [Мәтін] // Жақсанов, О. Елім деп соққан жүрек [эсселер, портр.] / О. Жақсанов. – Қостанай : Шапақ, 2010. – 2-кітап. – Б. 392–396.
4. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Қазақстан жазушылары : анықтамалық : 75 жыл / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы : Арыс, 2009. – Б.

395.

5. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл. / Ә. Жақып. – Астана, 2009. – 1т. – Б. 159–161.
6. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Қазақ әдебиеті : энцикл. анықтамалық / бас ред.: И. Н. Тасмағамбетов. – Алматы : Аруна баспасы, 2005. – 1т. – Б. 513.
7. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] Қазақстан жазушылары: XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / [құраст.: Е. Дүйсенбайұлы және т. б.]. – Астана : Ана тілі, 2004. – Б. 311.

Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:

1. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты: Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / әңгімелескен Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. 26 сәуір. – Б. 8.
2. «Аузын ашқанға ет аса берсек, құнымыздың қашқаны» [Мәтін] : [сұхбат] / Ой-отауда сұхбаттасқан Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2017. – 31 наурыз. – Б. 4–5.
3. Төлеуханқызы, Анар. Тосынның торғын құмын кешкен ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Анар Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2016. – 18 наурыз. – Б. 9.
4. Көшкінбай, С. Поэзияның бір мергені [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы – 70 жаста] / С. Көшкінбай // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 4 наурыз. – Б. 18.
5. Ажимухан, Баян. Серік Тұрғынбекұлы Арқалық жастарымен кездесті [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Баян Ажимухан // Торғай. – 2015. – 6 ақпан. – Б. 3.
6. Төлеуханқызы, А. Серілердің жалғасы Серік ақын[Мәтін] : [поэзия кеші] / Баян Ажимухан // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 ақпан. – Б. 7.
7. Жүнісұлы, Мұрат. «Торғай» тарихын ақын жазбақ [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 5 тамыз. – Б. 12.
8. Жүнісұлы, Мұрат. Сахнада – Нұрхан бейнесі [Мәтін] : [спектакль премьерасы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 17 мамыр. – Б. 4.
9. Сағынышым Сарыторғайым [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Майра Шөкен // Торғай. – 2012. – 6 қаңтар. – Б. 3.
10. Түгелбай, В. Елордаға арналған жыр кеші [Мәтін] : [шығармашылық кеш] / В. Түгелбай // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 маусым. – Б. 14.
11. Ақынның абыройлы атағы [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлына «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді] / газ. ред. // Қостанай таңы. – 2010. – 21 желтоқсан. – Б. 2.
12. Бораш, Баян. Жәңгір хан тағылымы [Мәтін] : (Серік Тұрғынбекұлының «Махамбет пен Жәңгір хан» поэмасындағы хан бейнесіне жаңа көзқарас

- жайлы естелік) / Баян Бораш // Жалын. – 2010. – № 10. – Б. 75–77.
13. Жүнісов, С. Өлеңнің ақжал толқыны [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста / С. Жүнісов // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 24 ақпан–2 наурыз. – Б. 6.
14. Тәшетұлы, М. Он бес жасында ақындығымен танылған [Мәтін] : ақын Серік Тұрғынбекұлы жайлы бір үзік сыр / М. Тәшетұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 29 наурыз. – Б. 6.
15. Досжан, Дүкенбай. Жүрек шамы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Досжан Дүкенбай // Егемен Қазақстан. – 2006. – 1 наурыз. – Б. 6.
16. Кекілбаев, Әбіш. Арлан ақын [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Әбіш Кекілбаев // Ана тілі. – 2006. – 6 шілде. – Б. 7.
17. Мұсабаев, Х. Өлеңнің қара қобызы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Х. Мұсабаев // Біздің Торғай. – 2006. – 14 шілде. – Б. 3.
18. Сағитова, Г. Арлан ақын әлемі [Мәтін] : көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста / Г. Сағитова // Қостанай таңы. – 2006. – 25 шілде. – Б. 1.
19. Мұқатов, Нағашыбай. Аққу жыр Астананың аспанында [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлының 60 жасқа толу мерейтойынан] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2006. – 4 тамыз. – Б. 4.
20. Марат, Арман. Ақынға құрмет көрсетілді [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Арман Марат // Қостанай. – 2006. – 1 тамыз. – Б. 3.
21. Шүкірұлы, Сабыржан. Өз биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз / Сабыржан Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 12 қыркүйек. – Б. 5.
22. Шүкірұлы, С. Биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз / С. Шүкірұлы // Қазақстан Заман. – 2006. – 29 желтоқсан. – Б. 14 ; Таң-Шолпан. – 2007. – № 2. – Б. 87–95.
23. Ораз, Нұрғожа. Сарыарқа саңлағы [Мәтін] : Серік Тұрғынбеков жайлы естелік / Нұрғожа Ораз // Жаңа Сарыарқа. – 2006. – № 1. – Б. 39–43.
24. Астанада музейі бар Сәкеннің... [Мәтін] : Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат / сұхбаттасқан Думан Рамазан // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 15 қазан. – Б. 6–7.

28 сәуір



Байдақ Молдашұлы
Туғанына 100 жыл
(1926–1994)

Соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы 1926 жылы Аманкелді ауданы, Қабырға ауылында дүниеге келген. 1945 жылы неміс фашистеріне қарсы

жалпыхалықтық соғысқа аттанып, Одер өзенінің жағасында жаумен шайқасты.

1949 жылы аман-есен елге оралып, 1967 жылға дейін Аманкелді ауданы партия комитетінде, аудандық кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1967-1986 жылдары Аманкелді ауданының оқу, мәдениет бөлімдерінде бухгалтер болды. Ақынның «Көк шағыр», «Әли арық», «Аманкелді түлектері» деген өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрген. Аманкелді кентіндегі аудандық орталық кітапхана Байдақ Молдашұлының есімімен аталады.

Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, медальдармен марапатталған.

Шығармалары:

1. Молдашев, Байдақ : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – Б. 230.
2. Молдашев, Б. Достық [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар / Б. Молдашев // Жалын. – 1990. – № 2. – Б. 90.
3. Молдашев, Б. Батырдың ұрпақтары [Мәтін]: поэмалар мен толғаулары / Б. Молдашев. – Алматы : Жазушы, 1987. – 80 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Молдашев, Байдақ. Өмір сыры [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б. 2.
2. Молдашев, Байдақ. Алшаң басқан аға еді [Мәтін] : [ақын Сырбай Мәуленов қайтқанына – бір жыл] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1994. – 12 ақпан – Б. 4.
3. Молдашев, Байдақ. Аман жүр Алатаудай ағаларым [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1993. – 8 мамыр. – Б. 1.
4. Молдашев, Байдақ. Халқым үшін садаға шыбын жаным [Мәтін] : [Байқадам Қаралдин туралы] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1993. – 9 ақпан. – Б. 4.
5. Молдашев, Байдақ. Бақұл бол, аға [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1993. – 24 ақпан. – Б. 4.
6. Молдашев, Байдақ. Октябрь жыршысы [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Тың шұғыласы. – 1993. – 26 ақпан. – Б. 4.
7. Молдашев, Байдақ. Таң шапағы [Мәтін] : [сазгер Бақытжан Байқадамұлының өмірі туралы] / Байдақ Молдашев // Ақ жол. – 1992. – 9 мамыр. – Б. 3.
8. Молдашев, Байдақ. Қайқы тұлпар [Мәтін] : [поэма] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1992. – 4 шілде. – Б. 3.
9. Молдашев, Байдақ. Ел есінде Шайхы [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Ақ жол. – 1991. – 6 сәуір. – Б. 4.
10. Молдашев, Байдақ. Оралмаған боздақтар [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1991. – 9 мамыр. – Б. 3.

11. Молдашев, Байдақ. Қазақ зиялыларының бірі еді [Мәтін] : [Байқадам Қаралдин туралы] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1991. – 9 шілде. – Б. 2.
12. Молдашев, Байдақ. Қос батыр [Мәтін] : [дастан] / Байдақ Молдашев // Ақ жол. – 1991. – 6 қараша. – Б. 4.
13. Молдашев, Байдақ. Достық [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар / Байдақ Молдашев // Жалын. – 1990. – № 2. – Б. 90.
14. Молдашев, Байдақ. Әншілер әулеті [Мәтін] : [әншілер Мұхаметжан мен оның баласы Байқоныстың әншілік дәстүрлері туралы] / Байдақ Молдашев // Арқалық таңы. – 1990. – 18 тамыз. – Б. 3.
15. Молдашев, Байдақ. Оралмаған үш боздақ [Мәтін] : [поэмадан үзінді] / Байдақ Молдашев // Тың шұғыласы. – 1989. – 20 сәуір. – Б. 3.
16. Молдашев, Байдақ. Әке тағдыры [Мәтін] : [баллада] / Байдақ Молдашев // Коммунизм таңы. – 1989. – 9 қыркүйек. – Б. 5.
17. Молдашев, Байдақ. Туған жер туралы толғау [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Тың шұғыласы. – 1989. – 7 қыркүйек. – Б. 4.
18. Молдашев, Байдақ. Арнау [Мәтін] : [сазгер Б. Байқадамов туралы] / Байдақ Молдашев // Тың шұғыласы. – 1987. – 4 наурыз. – Б. 3.
19. Молдашев, Байдақ. Әли арық [Мәтін] : [деректі дастаннан үзінді] / Байдақ Молдашев // Торғай таңы. – 1986. – 12 мамыр. – Б. 4.
20. Молдашев, Байдақ. Амангелді түлектері [Мәтін] : [өлең] / Байдақ Молдашев // Тың шұғыласы. – 1985. – 22 тамыз. – Б. 2.


Ол туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

1. Смайлова, Гүлбаршын. Жеңіс туын желбіреткен майдангерлер [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагерлері туралы] / Гүлбаршын Смайлова // Aманкелді арау. – 2020. – 4 мамыр. – Б. 4.
2. Әміржанова, Мөлдір. Ардагер ақын, асыл тұлға [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 90 жыл] / Мөлдір Әміржанова // Қостанай таңы. – 2016. – 4 мамыр. – Б. 7.
3. Сейтқожина, Гүлнар. Ардагер аға – асыл тұлға [Мәтін] : [еңбек және соғыс ардагері Байдақ Молдашұлы жайында] / Гүлнар Сейтқожина // Торғай. – 2016. – 20 мамыр. – Б. 4.
4. Мұхатина, Саягүл. Ерлік пен елдікті жыр еткен [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлына арналған кеш өтті] / Саягүл Мұхатина // Қостанай таңы. – 2016. – 1 маусым. – Б. 8.
5. Сейдахметов, Төлеген. Артына із қалдырған Байдақ ақын... [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашев туралы] / Төлеген Сейдахметов // Қостанай таңы. – 2005. – 20 сәуір. – Б. 6.
6. Әбілтай, Әбжан. Ақын еді қын түбінде жатпаған [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Әбжан Әбілтай // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б. 2.

7. Байдақызы, Гүлмира. Ата өнегесі [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Гүлмира Байдақызы // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б. 2.
8. Әбіл, Қонысбай. Сағыныш [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Байдақ Молдашұлының дүниеден өткеніне бір жыл туралы] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. – 1995. – 20 мамыр. – Б. 5.
9. Кенебаев, Көшкінбай. Жаны жайсаң аға еді [Мәтін]: [ақын, соғыс және еңбек ардагері Байдақ Молдашұлы туралы] / Көшкінбай Кенебаев // Торғай таңы. – 1995. – 1 маусым. – Б. 4.
10. Досжанов, Б. Жақсы сөз – жарым ырыс [Мәтін] : [майдангер ақын Байдақ Молдашевтің «Партия солдаттары» атты толғауы туралы] / Б. Досжанов // Торғай тынысы. – 1991. – 14 мамыр. – Б. 2.

14 тамыз

Байділдин Шөптібай Туғанына 80 жас (1946)



Ұстаз, шебер, өнертанушы, ою-өрнектері 1992 жылы Түркияда өткен жасөспірімдердің дүниежүзілік фестивалінде, 1996 жылы Америкада өткен Атланта Олимпиадасында, Алматы, Нұр-Сұлтан, Қостанай, Арқалық қалаларында ұйымдастырылған көрмелерге қойылған, Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті академигі, Арқалық қаласының құрметті азаматы Байділдин Шөптібай 1946 жылы 14 тамызда Жангелдин ауданы, Айса Нұрманов ауылында дүниеге келген.

Жыланшық орта мектебін бітіргеннен кейін 1963 жылдан 1966 жылға дейін Родник кеңшарында құрлысшы, механизатор және жүргізуші болып қызмет етеді. Содан соң Совет Армиясы қатарында әскери міндетін атқарады. Ол 1968 жылы Каунаста өткен Бүкілодақтық әскерилер съезіне делегат болып қатысады.

Аға сержант Шөптібай Байділдаұлы 1969 жылы елге оралады. Жастар оны «Родник» кеңшары комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлайды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, міндеттелген тапсырмаларды тиянақты орындай білетіндігі жастардың оған сеніммен қарауға игі ықпал етеді. Екі жылдан кейін комсомол жетекшісі осы кеңшардың жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалады. Ал 1977 жылы Шөптібай Байділдаұлы Родник селолық кеңесі атқару комитетінің төралығына сайланады. Сол тұста «Родник» совхозы экономикасы мен мәдениеті дамыған шалғайдағы ірі шаруашылық болатын. Ауданда өндірілетін қой етінің басым бөлігі осы шаруашылықтың иелігінде еді.

Аманкелді аудандық партия комитеті өзінің білімділігі мен еңбекқорлығы және ұйымдастырушылық қабілетімен көріне білген Шөптібай Байділдаұлын Алматы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жібереді. Сол кездегі саяси оқу ордасы атанған білім ұясын ол ойдағыдай бітіріп, туған елге оралады. Білікті саяси жетекші ретінде танылған Ш. Байділдаұлы Крупская кеңшары партком хатшылығына сайланады. Бұл қызметті төрт жыл атқарады.

